

## Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 16 ақпандағы № 35 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 ақпанда № 34013 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. "Отбасы және балалар саласындағы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 188 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33011 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министре жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министри

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және  
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Г. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министри  
2024 жылғы 16 ақпандағы  
№ 35 бұйрығына  
қосымша

## **Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 14 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10285 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Патронаттық тәрбие туралы ережеде:

26, 27 және 28-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"26. Патронат тәрбиешілердің қызметтеріне ақы төлеу мөлшері айына отыз бес айлық есептік көрсеткішті құрайды.

27. Облыстық маңызы бар аудандардың, қалалардың білім беру бөлім органдары, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органдары патронат тәрбиешінің қызметіне ақы төлеуді шарттың негізінде ақшалай қарожатты оның ағымдағы шотына ағымдағы айдың 25-күнінен кешіктірмей ай сайын аудару арқылы жүргізеді.

28. Патронат тәрбиешіге қызметтерге ақы төлеудің тоқтатылуына әкеп соғатын мән-жайлар туындаған жағдайда (шарттың бұзылуы) орган бұл туралы патронат тәрбиешіге бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.";

2. "Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 16 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10280 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларында:

5-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5-1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымның басшысы, әлеуметтік педагогі (әлеуметтік қызметкері) (бұдан әрі – әлеуметтік педагог) баланы ұйымға орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде танысу үшін еңбек заннамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндерін ескере отырып, балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдармен танысу және қарым-қатынас жасау үшін "Бару кестесін" қалыптастырады.

Басшы, әлеуметтік педагог "Бару кестесін" түзеткен жағдайда, баланың сауалнамасы 1 (бір) жұмыс күні ішінде "Бару кестесін" бекітетін органға келісуге жіберіледі.

Бекітілген "Бару кестесі" негізінде балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдағысы келетін адамдар балаға жазылады және 1-1-қосымшаға сәйкес танысу мақсатында балаға баруға жолдама алады.";

осы Бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілген Қағидаларға 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

3. "Баланы қабылдайтын отбасы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 қазандағы № 597 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14425 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Баланы қабылдайтын отбасы туралы ережеде:

20-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Балаларды қабылдайтын отбасында тәрбиелегені үшін әрбір қабылдаушы ата-анаға айна отыз бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай қаражат төленеді.";

4. "Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20478 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Кәмелетке толмағандардың мүлкіне иелік ету үшін анықтамалар беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді және оның мөлшері" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау, қайтару және мөлшері" мемлекеттік қызметті көрсете қағидалары;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсете қағидалары;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру үйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсете қағидалары;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсете қағидалары;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік қызметті көрсете қағидалары;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Он жасқа толған баланың пікірін ескеру туралы қорғанышылық немесе қамқоршылық органдының шешімін беру" мемлекеттік қызметті көрсете қағидалары бекітілсін.";

осы Бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес бұйрыққа 4, 5 және 7-қосымшалармен толықтырылсын.

5. "Білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсете стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 165 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32760 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру үйымдары ұсынатын білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсете стандартында:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Стандарт:

- 1) жетім-балалардың;
- 2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың;
- 3) девиантты мінез-құлықты балалардың;
- 4) арнаулы білім беру үйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымдарына жіберілетін балалардың;
- 5) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың;

6) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікке ұшыраған балалардың (оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар, жыныстық тиіспеушілікке байланысты қылмыстың құрбаны болған балалар);

7) жасөспірімдер үйлері тәрбиеленушілерінің тәулік бойы тұрақты немесе уақытша тұруына арналған, мемлекеттік және мемлекеттік емес меншік нысанындағы білім беру үйимдарында (бұдан әрі – ұйымдар) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну сапасына, шарттары мен көлеміне қойылатын талаптарды белгілейді.

Жоғарыда көрсетілген санаттар бірлесіп көрсетілетін қызметті алушылар болып аталаады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру орталықтары ұсынатын және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Стандарт:

1) жетім балалардың;

2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың;

3) қадағалаусыз және панасыз қалған балалардың;

4) девиантты мінез-құлықты балалардың (оның ішінде қылмыстық істері ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылған балалар, жыл ішінде екі және одан да көп рет әкімшілік құқық бұзушылық жасаған балалар);

5) арнаулы білім беру үйимдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру үйимдарына жіберілетін балалардың;

6) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікке ұшыраған балалардың (оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар, жыныстық тиіспеушілікке байланысты қылмыстың құрбаны болған балалар) тұрақты, уақытша және құндізгі уақытта болуына арналған мемлекеттік және мемлекеттік емес меншік нысанындағы орталықтарда (бұдан әрі – орталық) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну сапасына, шарттары мен көлеміне қойылатын талаптарды белгілейді.

Жоғарыда көрсетілген санаттар бірлесіп көрсетілетін қызметті алушылар деп аталаады".

Қазакстан Республикасы

Оку-ағарту министрі

2024 жылғы 16 ақпандағы

№ 35 бұйрығына

1-қосымша

Жетім балаларды және

ата-аналарының

қамқорлығынсыз қалған

балаларды есепке алууды

ұйымдастыру және олар туралы

ақпаратқа қол жеткізу

(ұйымның атауы)  
20 \_\_ жылғы " "

## Танысу мақсатында балаға бару жолдама

\_\_\_\_\_ № \_\_ сауалнама (баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))  
баламен танысу үшін \_20 жылғы " " № \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

қорытындымен кандидат ретінде тіркелген бала асырап алушыларға (қорғаншыларға (қамқоршыларға), патронат тәрбиешілерге, асырап алушы ата-аналарға) берілген.

Балаға барған күні мен уақыты: 20 \_\_ жылғы " " сағат 00.00-де.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекеменің байланыс деректері: \_\_\_\_\_.

Ескертпе:

Баламен танысу жағдай болғанда, онда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекеменің әлеуметтік педагогы (әлеуметтік қызметкер) танысу фактісін ағымдағы күннің сағат 18:30-ға дейін растауды тиіс.

Балалардың құқықтары үшін ұміткер балаға қатысты ағымдағы күнгі сағат 24:00-ге дейін шешім қабылдауы керек:

- бала асырап алған жағдайда қарым-қатынасты ұзарту туралы;
- орналастыру таңдалған нысанына сәйкес отбасына орналастыруды ресімдеу туралы (қорғаншылық (қамқоршылық), патронат және асырап алушы отбасы);
- немесе баладан бас тарту туралы.

Кандидат қабылдаған шешім болмаған кезде осы қосымшада көрсетілген мерзімдерде қорғаншылық және қамқоршылық органдары мұны баладан бас тарту ретінде қарайды.

Егер әлеуметтік педагог (әлеуметтік қызметкер) танысу фактісін растамаған жағдайда балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органды 8 (7172) 74-23-41, 74-21-54 (Астана қаласы уақыты бойынша сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін) телефондары арқылы хабардар етуді сұраймыз.

Қазақстан Республикасы  
Оку-агарту министрі  
2024 жылғы 16 ақпандығы  
№ 35 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 24 сәуірдегі

**"Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 125-бабы 2-тармағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау және төлеу мөлшерінің тәртібін айқындайды.

2. Жәрдемақы тағайындау және төлеу қорғаншыларға немесе қамқоршыларға ата-анасының қайтыс болуына, ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, ата-аналары хабарсыз кеткен деп танылуына, олардың қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының іздестірілуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мұddeлерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын стационарлық үлгідегі тәрбиелеу, емдеу және медициналық-әлеуметтік мекемесінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға жүргізіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

3. "Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған баланы (балаларды) күтіп-багуға жәрдемақы тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

4. Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

5. Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) құжаттарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтырын және қорғаншының немесе қамқоршының жәрдемақы алу құқығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады, ал мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

6. Мемлекеттік корпорация құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге курьер арқылы жеткізуді 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

7. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі туралы хабарлама көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетке" жіберіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын растайтын құжаттары, баланың туу туралы куәлігі туралы мәліметтерді ("АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда), қорғаншылық және қамқоршылық туралы анықтаманы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны және өзге де әлеуметтік төлемдерді алатынын, екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда қорғаншының немесе қамқоршының атына дербес шот ашу туралы шарт жасасқанын растайтын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері және көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорация қызметкері, мемлекеттік қызмет көрсету

үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, бір реттік парольді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

9. Құжаттарды тексеру қорытындылары бойынша көрсетіletіn қызметті беруші осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығының қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау туралы шешімді не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындауды және көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетіletіn қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке күелікті көрсеткен немесе көрсетіletіn қызметті алушы электрондық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінен) пайдаланған кезде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация бір ай ішінде нәтижені сактауды қамтамасыз етеді, содан кейін оны көрсетіletіn қызметті берушіге одан әрі сактау үшін тапсырады. Көрсетіletіn қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның сұранысы бойынша көрсетіletіn қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетіletіn қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

11. Құжаттарды қараудың және қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығының қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындаудың жалпы мерзімі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту 1(бір) жұмыс күнін құрайды.

12. Көрсетіletіn қызметті беруші Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы көрсетіletіn қызметті берушілерді, оның ішінде Бірыңғай байланыс орталығын, Мемлекеттік корпорацияны, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етеді.

### **3-тaraу. Қызмет алушыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау тәртібі**

13. Егер баланың (балалардың) жалақысы, алименттері, зейнетақылары және өзге де әлеуметтік төлемдері түріндегі табыстарының, сондай-ақ өзіне тиесілі мүлкінен түсетін табыстарының орташа айлық сомасы тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстардан аспайтын болса, қызмет алушыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы қорғанышылықтағы немесе қамқоршылықтағы әр балаға (балаларға) тағайындалады.

Баланың орташа айлық табысын анықтау кезінде адам жәрдемақы тағайындауға жүгінген жылдың 1 қаңтарынан бастап жәрдемақы тағайындауға жүгінген айға дейінгі кезеңде баланың ақшалай нысанда нақты алған табыстары ескеріледі.

14. Баланың орташа айлық табысы табыстар сомасын жылдың 1 қаңтарынан бастап жәрдемақы тағайындауға жүгінген айға дейінгі айлардың санына бөлу арқылы анықталады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстарды осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес формула бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) білім басқармасы ай сайын анықтайды.

15. Көрсетілетін қызметті алушыға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы көрсетілетін қызметті беруші барлық құжаттарды қабылдаған айдан бастап тағайындалады.

16. Көрсетілетін қызметті алушы жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы төлеуді көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының дербес шоттарына ақша қарожатын аудару арқылы ай сайын, ағымдағы айдың 15-і күнінен кешіктірмей жүргізеді.

17. Көрсетілетін қызметті алушы жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген оларды төлеуді тоқтатуға әкеп соғатын жағдайларды қоспағанда, оның туған айын қоса алғанда, қамқорлыққа алынушы он сегіз жасқа толғанға дейін төленеді.

18. Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға арналған, көрсетілетін қызметті берушінің кінәсінен

уақтылы алмаған жәрдемақы мерзімі шектелмesten өткен кезең үшін бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға төленеді.

19. Көрсетілетін қызметті алушы тұрғылықты жерінің ауысқаны туралы көрсетілетін қызметті берушіге көшken күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді. Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы алатын көрсетілетін қызметті алушы тұрғылықты жерін ауыстырган кезде бұрынғы тұрғылықты жеріндегі көрсетілетін қызметті берушіге тұрғылықты жерінің ауысқаны туралы хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қамқорлыққа алынушының жеке ісін жаңа тұрғылықты жеріндегі көрсетілетін қызметті берушіге жібереді. Бұл ретте қамқорлыққа алынушының жеке ісінде жәрдемақы төлемі қай күнге дейін жүргізілгені көрсетіледі.

Жаңа тұрғылықты жері бойынша жәрдемақы төлеуді қайта бастау бұрынғы тұрғылықты жері бойынша төлеу аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

20. Егер Қазақстан Республикасының азаматы шетел азаматы немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұратын азаматтығы жоқ тұлға болып табылатын жетім баланың (жетім балалардың) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың (балалардың) қорғаншы немесе қамқоршы болған жағдайда, жәрдемақының төленуі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының мұндай балалармен нақты тұратын жері бойынша олардың өзара есеп айырысуларынсыз жүргізіледі.

21. Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы:

1) баланың (балалардың) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемеде, стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде толық мемлекеттік қамтамасыз етуде тұрған;

2) баланың (балалардың) орташа айлық табысының сомасы тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстардың сомасынан артқан;

3) ата-аналарының өз баласын жеке өздері тәрбиелеуді және күтіп-бағуды жүзеге асыруға мүмкіндіктері болған, бірақ оны басқа адамдарға (ұзак мерзімді қызметтік іс-сапарларда, балалармен бөлек тұратын, бірақ оларды күтіп-бағуға және тәрбиелеуге жағдайлары бар) қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа өз еркімен берген жағдайларда тағайындалмайды.

22. Көрсетілетін қызметті алушы жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы

төлеу көрсетілетін қызметті берушінің шешімі бойынша мынандай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) қамқорлыққа алынушының қәмелеттік жасқа толуы;
- 2) қамқорлыққа алынушының жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынысыз қалған балаларға арналған мекемеге, стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемеге толық мемлекеттік қамтамасыз етуге орналасуы;
- 3) қамқорлыққа алынушы баланың (балалардың) асырап алынуы;
- 4) қорғаншының немесе қамқоршының Кодекске сәйкес өз міндеттерін атқарудан босатылуы және шеттетілуі;
- 5) қамқорлыққа алынушы баланың (балалардың) некеге тұруы;
- 6) жетім баланың (жетім балалардың) және ата-анасының қамқорлығынысыз қалған баланың (балалардың) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 22-1 бабына сәйкес толық әрекетке қабілетті (эмансипацияланған) деп жариялануы;
- 7) жетім баланың (жетім балалардың) және ата-анасының қамқорлығынысыз қалған баланың (балалардың) бөлімнің қорытындысы негізінде ата-анасына қайтарылуы;
- 8) баланың (балалардың) қайтыс болуы;
- 9) баланың (балалардың) орташа айлық кірісі сомасының тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, елордадағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынысыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстардың сомасынан артып кетуі.

23. Жәрдемақы төлеуді тоқтату көрсетілетін қызметті берушінің шешімі бойынша төлемді тоқтатуға әкелетін мән-жайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап жүргізіледі.

24. Егер көрсетілетін қызметті алушыға іздеу нәтижесінде ата-аналарының табылғаны, олардың емделіп шығуы, бас бостандығынан айыру орындарынан босауы, қамқорлыққа алушының кірісінің өзгергені және көрсетілетін қызметті алушыға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынысыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақының төленуін тоқтатуға әкеп соқтыратын өзге де жағдайлар туралы белгілі болса, ол көрсетілетін қызметті берушіге бұл туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

25. Жәрдемақы төлеуді тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызмет беруші бұл туралы көрсетілетін қызмет алушыларды хабардар етеді.

26. Егер артық төлем алушы тарапынан теріс пайдаланудың нәтижесінде болса, заңсыз төленген және алынған жәрдемақы көрсететін қызмет алушыдан өндіріліп алынады. Артық төленген жәрдемақыны өндіріп алу өз еркімен немесе сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

**4-тарау. Қызмет алушыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы төлеу мөлшері**

27. Көрсетілетін қызмет алушыға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы төлеу мөлшері айына 10 (он) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

**5-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оныңлауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

28. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрган әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды тұлғага беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

29. Көрсетілетін қызметті алушы, егер мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылышы.

анасының қамқорлығының  
қалған баланы (балаларды)  
күтіп-бағуға жәрдемақы  
тағайындау және төлеу  
мөлшері" мемлекеттік қызметті  
көрсету қағидалары  
1-қосымша

(көрсетілетін қызмет  
берушінің атауы)

**Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығының қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау үшін көрсетілетін қызмет алушының етініші**

Ата-анасының қамқорлығының қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындауды сұраймын \_\_\_\_\_  
(баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), туған жылы және балалардың жеке сәйкестендіру нөмірі)

Қызмет алушының:

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болғанда) \_\_\_\_\_

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ қорғанышылық немесе қамқорышылық тағайындау туралы органның шешімі

Көрсетілетін қызмет алушының жеке басын растайтын құжаттың түрі \_\_\_\_\_

Сериясы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ нөмірі \_\_\_\_\_ кім берді \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Дербес шотының № \_\_\_\_\_

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Жеке деректерде өзгерістер болған кезде 15 (он бес) жұмыс күні ішінде олар туралы хабарлауға міндеттенемін.

Дұрыс емес мәліметтер мен жалған құжаттар ұсынғаны үшін жауапкершілікке тартылу

туралы маған ескертілді.

Ақпараттық жүйелерде сипатталған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен құпия қорғалатын мәліметтерді қолдануға келісемін.

20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(қолы)

"Корғаншыларға немесе  
қамқоршыларға жетім баланы  
(жетім балаларды) және  
ата-анасының қамқорлығынсыз  
қалған баланы (балаларды)  
күтіп-бағуға жәрдемақы  
тағайындау және төлеу  
мөлшері" мемлекеттік қызметті  
көрсету қағидалары  
2-қосымша

**"Корғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және  
ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы  
тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі  
талаптардың тізбесі**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы білім бөлімдері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру: 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы өтініш берген кезде - 1 (бір) жұмыс күні, бұл ретте құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. 2) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзак уақыты - 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзак уақыты - 15 минут.

4	Көрсетеу нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде/"бір өтініш" қагидаты бойынша көрсетілген
5	Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесі	<p>Қызмет алушыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығының қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау туралы шешім не негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Порталда мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сақталады.</p>
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібі және оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және акпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда сағат 13.00-ден 14.30-га дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда: еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мерекелік күндерден баста, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халықта қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кәмелетке толмаған баланың тұрғылыкты жері бойынша "электронды" кезек күту</p>

	<p>тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті "брондауға" болады;</p> <p>3) порталда: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің: <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</li> <li>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында орналасқан.</li> </ol>
	<p>Мемлекеттік корпорацияға:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өтініш;</li> <li>2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);</li> <li>3) "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) мәліметтер болмagan жағдайда не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда баланың (балалардың) туу туралы куәлігі электрондық нысанда немесе оның қағаз жеткізгіштегі көшірмесі;</li> <li>4) екінші деңгейдегі банктеги немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар үйымда қорғаншының немесе камқоршының атына дербес шоттың ашилуы туралы шарттың көшірмесі;</li> <li>5) аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім бөлімінің (басқармасының)</li> </ol>

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

- корғаншылық немесе қамкоршылық белгілеу туралы бүйрығының көшірмесі;
- 6) баланың (балалардың) табысы (мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді алуды растайтын құжаттар, алименттер, баланың (балалардың) мүлкінен түсетін табыстары туралы мәліметтер) туралы құжаттар.
- Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқада ұсынылады, кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады; порталда:
- 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ - сымен немесе көрсетілетін қызметті алушының үялы байланыс операторы ұсынған абоненттік номері порталдың есеп жазбасына тіркелген және қосылған кезде, бір рет пайдаланатын құпиясөзбелен куәландырылған, электрондық құжат нысанындағы өтініш;
  - 2) АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған жағдайда не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда, баланың туу туралы куәлігінің электрондық көшірмесі;
  - 3) екінші деңгейдегі банктеге немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар үйимда қорғаншының немесе қамкоршының атына дербес шоттың ашылуы туралы шарттың электрондық көшірмесі;
  - 4) баланың (балалардың) табысы (мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдер, алименттер, баланың (балалардың) мүлкінен түсетін табыстары туралы мәліметтер) туралы құжаттардың электрондық көшірмелері.
  - 5) аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім белімінің (басқармасының) корғаншылық немесе

камкоршылық белгілеу туралы бұйрығының электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы "Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының камкорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қорғаншылық немесе камкоршылық белгілеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтін алуға "бір өтініш" қағидаты бойынша өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушіге тапсырылатын тізбенің 5) тармақшасындағы көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын растайтын құжаттары, баланың туу туралы қуәлігі туралы мәліметтерді, қорғаншылық және қамкоршылық туралы анықтаманы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны және өзге де әлеуметтік төлемдерді алатынын, екінші деңгейдегі банктеге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда қорғаншының немесе қамкоршының атына дербес шот ашу туралы шарт жасасқанын растайтын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияның қызметкөрі және көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

1) баланың (балалардың) жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемеде, стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде толық мемлекеттік қамтамасыз етуде болуы;  
2) баланың (балалардың) орташа айлық табысының сомасы тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

күтіп-багуға арналған орташа айлық шығыстардың сомасынан артуы;

3) ата-аналарының өз баласын жеке өздері тәрбиелеуді және күтіп-багуды жүзеге асыруға мүмкіндіктері болған, бірақ оны басқа адамдарға (ұзақ мерзімді қызметтік іссапарларда болуы, балалардан бөлек тұру, бірақ оларды күтіп-багуға және тәрбиелеуге жағдайлары бар) корғаншылыққа немесе қамкоршылыққа өз еркімен берген жағдайларда;

4) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңгай байланыс орталығы арқылы алады: 1414, 8 800 080 7777.

Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада және

<p>көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>пайдаланушылардың акпараттық жүйелерінде авторландырылған субъектілер үшін колжетімді. Субъект мобильді қосымшада және пайдаланушылардың акпараттық жүйелерінде колжетімді әдістермен авторизациядан өтеді, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.</p>
---	--

"Қорғанышыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамкорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-багуға жәрдемақы тагайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары  
3-қосымша

### **Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа алғып, "Азаматтарға арналған үкімет"

Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық емес қоғамы филиалының № \_\_\_\_\_ бөлімі

(мекенжайды көрсету) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарында көзделген тізбеке сәйкес Сіз ұсынған құжаттар топтамасының толық болмауына байланысты \_\_\_\_\_

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:  
Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_.

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден, 2 (екі) данада жасалды.

---

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)  
Орындаушы:

---

тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Телефон:

---

Қабылдаушы:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

"\_\_\_" 20 \_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ ( қолы)

"Корғаншыларга немесе  
қамқоршыларга жетім баланы  
(жетім балаларды) және ата-  
анасының қамкорлығының  
калған баланы (балаларды)  
күтіп-багуға жәрдемақы  
тағайындау және төлеу  
мөлшері" мемлекеттік қызметті  
корсету қағидалары  
4-қосымша

Қызмет алушыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығының  
қалған баланы (балаларды) күтіп-багуға жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту)  
туралы шешім

№\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(органның атауы)

Істің №\_\_\_\_\_

Азамат (ша) \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Жүгінген күні \_\_\_\_\_

Баланың туу туралы куәлігі (туу туралы актінің жазылуы)

№\_\_\_\_\_ берген күні \_\_\_\_\_ баланың туу  
туралы куәлігін (туу туралы актінің жазылуы) берген органның атауы

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) \_\_\_\_\_

Баланың туған жылы \_\_\_\_\_

Органның қорғаншылық немесе қамқоршылық тағайындау туралы шешімі

Тағайындаған күні 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Белгіленген жәрдемақы сомасы 20 \_\_\_ жылдың \_\_\_ дан 20 \_\_\_ жылдың \_\_\_

ға дейін \_\_\_\_\_ теңге сомасында

(жазбаша)

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) \_\_\_\_\_

жәрдемақы \_\_\_\_\_ ден \_\_\_\_\_ ға дейін \_\_\_\_\_ теңге

сомасында \_\_\_\_\_

(жазбаша)

Жәрдемақы тағайындаудан бас тарту себебі: \_\_\_\_\_

Мөрдің орны

Басшы \_\_\_\_\_ (қолы)

"Корғаншыларға немесе  
камқоршыларға жетім баланы  
(жетім балаларды) және  
ата-анасының қамқорлығынсыз  
қалған баланы (балаларды)  
күтіп-бағуға жәрдемақы  
тағайындау және төлеу  
мөлшері" мемлекеттік қызметті  
корсету қағидалары  
5-қосымша

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған  
мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстарды есептеу формуласы**

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған  
мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстар мына формула  
бойынша анықталады:

ОШ=АШ<sub>ББ</sub>/БС/12 ай

мұндағы:

ОШ – тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы жетім  
балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі  
баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстар;

АШ<sub>ББ</sub> – еңбекке ақы төлеу шығыстарын, өтемақы төлемдерін, әлеуметтік салықты  
және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, мемлекет  
ішінде және елден тыс іс-сапарларды және қызметтік жол жүргуларды, орындаушылық  
құжаттарды орындауды, сот актілерін қоспағанда, облыстың (республикалық маңызы  
бар қаланың, астананың) білім басқармасының "Жетімдерді, ата-анасының  
қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету" бюджеттік  
бағдарламасы бойынша адамның жәрдемақы тағайындауға жүгінген жылдағы  
жоспарлы шығыстарының сомасы,

БС – адамның жәрдемақы тағайындауға жүгінген жылдың 1 қаңтарындағы  
облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) білім басқармаларының "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламалары бойынша қаржыландырылатын ұйымдарда толық  
мемлекеттік қамтамасыз етуде күтіп-бағылатын балалардың нақты саны.

Қазақстан Республикасы  
Оку-ағарту министрі

2024 жылғы 16 акпандагы  
№ 35 бұйрығына  
3- қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 158 бұйрығына  
5-қосымша

**"Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызмет көрсете қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы "Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызмет көрсете қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексінің 133 бабының 3 тармағы және 137-бабының 1-тармағы мен "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зан) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және оларды асырап-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау және төлеу мөлшерінің тәртібін айқындайды.

2. Патронат нысанындағы қорғанышылық немесе қамқоршылық кәмелетке толмаган жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде білім беру үйіміндағы, медициналық немесе өзге де үйімдағы балаларға белгіленеді.

## **2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсете тәртібі**

3. "Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес "Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау және төлеу мөлшері" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

4. Қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мэртебе, сондай-ақ хабарлама жіберіледі.

5. Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) құжаттарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

6. Жеке басын растайтын құжаттар, некеге тұру туралы қуәлік туралы мәліметтерді ("АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда), көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрса, "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бүйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтаманы, көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) тұрғын үйге меншік құқығының бар екендігін растайтын құжаттарды, білімі туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) білім беру үйіндегі окуы туралы анықтаманы (мектеп жасындағы балалар үшін), екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар үйімда ағымдағы шот ашу туралы шарт жасасқанын растайтын мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Қызметті алушы мен жұбайының (зайыбының) соттылығының болуы не болмауы туралы мәліметтерді (егер некеде тұрса) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық жүйесінен алады.

Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңмен қорғалатын құпияны қамтитын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға көрсетілген қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдалануышының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, бір реттік парольді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті одан әрі қараудан бас тартады.

7. Құжаттарды тексеру қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде тұрғын үйге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша

баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың түрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісін (бұдан әрі – акт) жасайды.

8. Акт жасалғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші он жасқа толған баланың оны патронаттық тәрбиеге беру туралы келісімін 2 (екі) жұмыс күні ішінде рәсімдейді.

9. Көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасу туралы хабарлама дайындайды.

Осы Қағидалардың Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік–процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымның білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тыңдау рәсімі ҚР АӨК-нің 74-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында 1 (бір) жұмыс күні ішінде шарт жасасу туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

10. Қызметті алушы шарт жасасу туралы хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушіге шартқа қол қою үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде келуі қажет.

11. Шартқа қол қойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау туралы шешімді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетін" жолдайды.

12. Туысы, өгей әкесі (өгей шешесі) түріндегі көрсетілетін қызметті алушы баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге қабылдаған кезден бастап күнтізбелік бір жыл ішінде көрсетілетін қызметті берушіге Кодекстің 91-бабының 4-тармағына сәйкес психологиялық даярлықтан өткені туралы сертификат береді.

13. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы көрсетілетін қызметті берушілерді, оның ішінде Бірыңғай байланыс орталығын,

"электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етеді.

### **3-тaraу. Көрсететін қызмет алушыға берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеу тәртібі**

14. Білім беру үйімдарында, медициналық немесе басқа үйімда мемлекет толық қамтамасыз ететін қамқорлықтағы балаларға ақша қаражаты тағайындалмайды.

15. Қызмет алушыға ақша қаражатын тағайындау туралы шешімнің негізінде көрсетілетін қызмет берушіге 5 (бес) жұмыс күні ішінде патронат тәрбиешілерге ақша қаражатын төлеуді жүргізеді.

16. Патронаттық тәрбиедегі балаға (балаларға) бөлінетін ақша қаражатын төлеуді мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғатын, осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қамқорлықтағы балаға он сегіз жасқа толғанға дейін көрсетілетін қызмет алушыға тағайындалады және төленеді.

17. Қызмет алушыға берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді көрсетілетін қызмет алушы мен көрсетілетін қызмет беруші арасында жасалатын баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың негізінде ақша қаражатын тағайындау туралы шешім шыққан күннен бастап ағымдағы айдың 15-күнінен кешіктірмей ай сайын жүргізеді.

18. Қызмет алушыға баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеу мынадай негіздемелер бойынша тоқтатылады:

1) қамқорлықтағы баланың кәмелетке толуы;

2) қамқорлықтағы баланың жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларға арналған үйімдарға, стационар үлгісіндегі медициналық-әлеуметтік мекемеге толық мемлекеттік қамтамасыз етуге орналасуы;

3) қамқорлықтағы баланы асырап алу;

4) патронат тәрбиешінің өз міндеттерін атқарудан шеттетілуі;

5) шарт мерзімінің өтуі немесе оның мерзімінен бұрын бұзылуы.

19. Қызмет алушыға берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді тоқтату көрсетілетін қызмет берушінің шешімі бойынша, төлеуді тоқтатуға әкеп соқтырған мән-жайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап жүргізіледі

20. Көрсетілетін қызмет беруші шешім қабылданған күнінен бастап бір ай мерзімде қызмет алушыға ақша қаражатын төлеудің тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

21. Көрсетілетін қызмет берушінің кінәсінен көрсетілетін қызмет алушы уақтылы алмаған ақша қаражаты, егер ол үшін өтініш қамқорлықтағы бала он сегіз жасқа толғанға дейін берілсе, көрсетілетін қызмет берушіге өтініш түскен күннен бастап барлық өткен кезең үшін төленеді.

22. Патронаттағы балаға (балаларға) ақша қаражатын тағайындау және төлеу бойынша құжаттар көрсетілетін қызмет берушінің қамқорлықтағы балалардың жеке істерінде сақталады.

23. Қызмет алушы шығыстарды есепке алуды ақша қаражатының кірісі және шығысы бойынша жазбалар түрінде жүргізеді.

#### **4-тaraу. Қызмет алушыға берілген баланы (балаларды) күтіп-багуға бөлінетін ақша қаражатын төлеу мөлшері**

24. Қызмет алушыға берілген баланы (балаларды) күтіп-багуға бөлінетін ақша қаражатын төлеу ай сайын мынадай мөлшерде жүргізіледі:

1) мектеп жасына дейінгі бір бала үшін тамақтану – 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш;

2) мектеп жасындағы бір бала үшін тамақтану – 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш;

3) бір баланың киім-кешегі, аяқ киімі және жұмсақ мүкеммалы – 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш.

25. Көрсетілетін қызмет беруші қызмет алушыларға берілген баланы (балаларды) күтіп-багуға бөлінетін ақша қаражатының жұмсалуын бақылауды жарты жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізеді.

#### **5-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көсептілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шептімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

26. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтер туралы заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер занда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

27. Қызметті алушы, егер мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

"Баланы (балаларды)  
патронаттық тәрбиелеуге беру  
және патронат тәрбиешілерге  
берілген баланы (балаларды)  
күтіп-багуға ақшалай  
қаражатты тағайындау және  
төлеу мөлшері" қағидалары  
1-қосымша

---

(органның атауы)

### **Патронаттық тәрбиеші болуға ниет білдіру және ақшалай қаражат тағайындау туралы етініш**

Балаларды патронаттық тәрбиеге беруді және оларға асырап-бағуға  
ақшалай қаражат тағайындауды сұраймын

1. \_\_\_\_\_ (баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің  
аты

(бар болғанда), және балалардың жеке сәйкестендіру нөмірі)

2. \_\_\_\_\_ (баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің  
аты

(бар болғанда), және балалардың жеке сәйкестендіру нөмірі)

3. \_\_\_\_\_ (баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің  
аты

(бар болғанда), және балалардың жеке сәйкестендіру нөмірі)

4. \_\_\_\_\_ (баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің  
аты

(бар болғанда), және жеке сәйкестендіру нөмірі) (білім ұйымының атаяу).

Тұрғын үй-тұрмыстық жағдай зерделеуін өткізуға қарсы емеспін.

Тұрғылықты мекенжайым өзгерген жағдайда күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ол  
туралы

міндетті түрде хабарлаймын.

Дұрыс емес мәліметтер мен жалған құжаттар ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

Ақпараттық жүйелерде сипатталған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен қупия қорғалатын мәліметтерді қолдануға келісемін.

20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_  
(қолы)

"Баланы (балаларды)  
патронаттық тәрбиелеуге беру  
және патронат тәрбиешілерге  
берілген баланы (балаларды)  
күтіп-бағуға ақшалай  
қаражатты тағайындау және  
төлеу мөлшері" қағидалары  
2-қосымша

**"Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген  
баланы (балаларды) күтіп-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау және төлеу мөлшері"  
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру басқармалары, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім беру бөлімдері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру туралы шарт жасау туралы хабарлама және қызмет алушыға баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау туралы шешім не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін

		қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сакталады.
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібі және оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі аралықтағы түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) порталда: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетеу орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің: <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</li> <li>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында орналасқан.</li> </ol>
		<p>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған кездे бір реттік пароль арқылы куәландырылған электрондық күжат нысанындағы баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және ақшалай қаражат төлеуді тағайындау туралы өтініш;</p>

- 2) егер көрсетілетін қызметті алушы некеде тұрса оның жұбайының (зайыбының) келісімінің электрондық көшірмесі;
- 3) "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) не Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мәліметтер болмаған кезде неке қио туралы қуәліктің электрондық көшірмесі;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) жұбайының (зайыбының) тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (тұрғын үйге меншік құқығы болмаған жағдайда);
- 5) "Адамның бала асырап алуы, оны қорғанышылыққа немесе қамкоршылыққа, патронатқа кабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12127 болып тіркелген) бекітілген тізбеге сәйкес көрсетілетін қызметті алушының және егер ол некеде тұрса оның жұбайының (зайыбының) ауруының жоқтығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтаманың, сондай-ақ "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № КР ДСМ-49/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде тіркеуде тұргандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

- 6) білімі туралы мәліметтінің электрондық көшірмесі;
- 7) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың дайындықтан өткені туралы сертификаттың электрондық көшірмесі (баланың жақын туыстарын қоспағанда);
- 8) екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар үйімда дербес шоттың ашилуы туралы шарттың электрондық көшірмесі;
- 9) туыстарының, өгей экесінің (өгей шешесінің) балаға (балаларға) туыстық фактісін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Жеке басын растайтын құжаттар, некеге тұру туралы куәлік туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрса, "Денсаулық сактау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтаманы, көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) тұрғын үйге меншік құқығының бар екендігін растайтын құжаттарды, білімі туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) білім беру үйімінде окуу туралы анықтаманы (мектеп жасындағы балалар үшін), екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда ағымдағы шот ашу туралы шарт жасасқанын растайтын мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мен жұбайының (зайыбының) сottылығының болуы не болмауы туралы мәліметтерді (егер некеде тұрса) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық жүйесінен алады.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар кодектің 122-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды туыстарына, өгей әкелеріне (өгей аналарына) патронаттық тәрбиеге береді.

- 1) көрсетілетін қызметті алушының кәмелет жасқа толмауы ;
- 2) сottың көрсетілетін қызметті алушыны әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тануы;
- 3) сottың көрсетілетін қызметті алушыны ата-ана құқықтарынан айыруы немесе сottың ата-ана құқықтарын шектеуі;
- 4) өзіне Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген міндеттерді тиісінше орындағаны үшін қорғаныш немесе қамқоршы міндеттерін орындаудан шеттетілуі;
- 5) бұрынғы бала асырап алушылардың кінәсі бойынша бала асырап алудың күшін жою туралы сот шешімі;
- 6) көрсетілетін қызметті алушының қорғанышы немесе

Қазақстан Республикасының  
зандарында белгіленген  
мемлекеттік қызмет көрсетуден  
бас тарту үшін негіздер

- камқоршы міндеттерін жүзеге  
асыруға кедергі келтіретін  
ауруның болуы;
- 7) көрсетілетін қызметті  
алушының тұрақты тұратын  
жерінің болмауы;
- 8) қорғаншылықты (камқоршылықты) белгілеу кезінде  
қасақана қылмыс жасаганы үшін  
жойылмаған немесе алынбаған  
соттылығының болуы, сондай-ақ  
осы тармақтың 13)  
тармақшасында аталған адамдар;
- 9) көрсетілетін қызметті  
алушының азаматтығының  
болмауы;
- 10) анасының қайтыс болуына  
немесе оның ата-ана құқығынан  
айрылуына байланысты баланың  
кемінде үш жыл іс жүзінде  
тәрбиелену жағдайларын  
қоспағанда, тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмайтын ер  
жынысты адамның өтініші;
- 11) корғаншылықты немесе  
қамқоршылықты белгілеу кезінде  
көрсетілетін қызметті алушының  
қамқорлыққа алнуышыны  
Қазақстан Республикасының  
заңнамасында белгіленген ең  
төмен күнкөріс деңгейімен  
қамтамасыз ететін табысының  
болмауы;
- 12) көрсетілетін қызметті  
алушының наркологиялық немесе  
психоневрологиялық  
диспансерлерде есепте тұруы;
- 13) адам өлтіру, деңсаулыққа  
қасақана зиян келтіру, халық  
деңсаулығына және имандылыққа,  
жыныстық тиіспеушілікке қарсы  
қылмыстық құқық  
бұзушылықтары, экстремистік  
немесе террористік қылмыстары,  
адам саудасы үшін сотталғандығы  
бар немесе болған, қылмыстық  
кудалауға ұшырап отырған немесе  
ұшыраған адамдар (Қазақстан  
Республикасы  
Қылмыстық-процестік кодексінің  
35-бабы бірінші бөлігінің 1) және  
2) тармақшалары негізінде

	<p>өздеріне қатысты қылмыстық кудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда);</p> <p>14) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Кодекстің 91-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен психологиялық даярлықтан өтпеген көрсетілетін қызметті алушылар (баланың жақын туыстарын қоспағанда);</p> <p>15) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>16) көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>17) "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңгай байланыс орталығы арқылы алады: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторландырылған субъектілер үшін қолжетімді. Субъект мобиЛЬДІ қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өтеді, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде</p>

одан әрі пайдалану үшін қажетті  
құжатты қарайды.

"Баланы (балаларды)  
патронаттық тәрбиелеуге беру  
және патронат тәрбиешілерге  
берілген баланы (балаларды)  
күтіп-багуға ақшалай  
қаражатты тағайындау және  
төлеу мөлшері" қағидалары  
3-қосымша

## **Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру туралы шарт жасау туралы хабарлама**

---

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда),  
жеке сәйкестендіру нөмірі)

---

(көрсетілетін қызметті алушының туған күні)

Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру туралы шарт жасау үшін Сіз

---

(органның мекенжайы)

мекенжайы бойынша орналасқан \_\_\_\_\_ (республикалық  
маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасы, аудандардағы,  
облыстық маңызы бар қалалардағы білім бөлімдері) хабарласуының қажет.

Хабарлама жауапты тұлғаның ЭЦҚ расталған

---

(жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), лауазымы)

"Баланы (балаларды)  
патронаттық тәрбиелеуге беру  
және патронат тәрбиешілерге  
берілген баланы (балаларды)  
күтіп-багуға ақшалай  
қаражатты тағайындау және  
төлеу мөлшері" қағидалары  
4-қосымша

## **Кызмет алушыға баланы (балаларды) күтіп-багуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау туралы шешім**

№ \_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_ "

---

(органның атауы)

Істің № \_\_\_\_

Азамат(ша) \_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Жүгінген күні \_\_\_\_\_

Баланың түу туралы күелігі (туу туралы актінің жазылуы)

№ \_\_\_\_\_ берген күні \_\_\_\_\_ баланың түу туралы күелігін (туу туралы актінің жазылуы) берген органның атауы \_\_\_\_\_

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) \_\_\_\_\_

Баланың туған жылды \_\_\_\_\_

Патронаттық тәрбиеге баланы беру туралы шарт \_\_\_\_\_

Бекітілген күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Белгіленген жәрдемақы сомасы

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін  
\_\_\_\_\_ теңге сомасында (жазбаша)

Айлық есептік көрсеткіштің өзгеруімен байланысты тағайындалған ақшалай қаражат сомасы:

Баланың (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)) \_\_\_\_\_ жәрдемақы \_\_\_\_\_  
ден ға дейін \_\_\_\_\_ теңге сомасында \_\_\_\_\_  
(жазбаша)

Ақшалай қаражатты тағайындаудан бас тарту себебі: \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

Оку-агарту министрі

2024 жылғы 16 ақпандығы

№ 35 бұйрығына

4-қосымша

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2020 жылғы 24 сәуірдегі

№ 158 бұйрығына

7-қосымша

"Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемнің тағайындалуы, қайтарылуы және мөлшері"  
мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемнің тағайындалуы, қайтарылуы және мөлшері" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 86-бабының 2-тармағына, сондай-ақ "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған баланы асырап алған кезде біржолғы ақшалай төлемді тағайындау, қайтару және мөлшерлеу тәртібін айқындайды .

2. Төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алған Қазақстан Республикасының азаматтарына тағайындалды.

3. Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлем жетпіс бес айлық есептік көрсеткішті құрайды.

## **2-тарау. Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алған кезде біржолғы ақшалай төлемді тағайындау тәртібі**

4. "Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемнің тағайындалуы, қайтарылуы және мөлшері" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы Республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) бала асырап алу туралы сот шешімі шығарылған жер бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемнің тағайындалуы, қайтарылуы және мөлшері" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде ( бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

5. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ хабарлама жіберіледі.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және ( немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті одан әрі қараудан бас тартады

7. Жеке басын растайтын құжаттар, екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жеке тұрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда бала асырап алушылардың бірінің атына жеке шоттың ашылғаны туралы шарт туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті берушілер іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, бір реттік парольді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

8. Құжаттарды тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша жетім баланы және (немесе) ата - анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау туралы шешім (бұдан әрі-шешім) дайындауды.

Осы Қағидалардың Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік–процестік кодексінің (бұдан әрі-ҚР ӘПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымның білдіруге мүмкіндік беру үшін тындауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тындау рәсімі ҚР ӘПК-нің 74-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тындау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында 1 (бір) жұмыс күні ішінде шешім немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

9. Біржолғы ақшалай төлем жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау туралы шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызмет алушының дербес шотына ақша қаражатын аудару жолымен шешім негізінде жүзеге асырылады.

10. Бала асырап алу туралы сот шешімі заңды құшіне енген күннен бастап он екі ай ішінде көрсетілетін қызмет алушының біріне әрбір асырап алынған жетім балаға және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға біржолғы ақшалай төлем тағайындалады және төленеді.

11. Біржолғы ақшалай төлем тағайындау туралы өтініш берген кезде бала асырап алушылар бөлек тұрған жағдайда, төлем асырап алынған бала бірге тұратын көрсетілетін қызмет алушыға тағайындалады және төленеді.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органды көрсетілетін қызметті берушілерді, оның ішінде Бірыңғай байланыс орталығын, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етеді.

**3-тарау. Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығының қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлем түрінде төленген ақша қаражатын қайтару**

13. Бала асырап алудың күші жойылған немесе бала асырап алу жарамсыз деп танылған жағдайда, бала асырап алушы біржолғы ақшалай төлемді бала асырап алудың күшін жою немесе бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімінде күшіне енген сәттен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының жергілікті бюджетіне қайтаруы тиіс.

14. Бала асырап алудың күшін жою немесе бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімінде күшіне енген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызмет алушыға аударылған біржолғы ақшалай төлемді қайтару қажеттілігі туралы хабардар етеді.

15. Көрсетілетін қызмет алушы біржолғы ақшалай төлемді белгіленген мерзімде қайтармаған жағдайда, оны қайтару сот тәртібімен жүзеге асырылады.

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көсептіледін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүргінуге жол беріледі.

17. Көрсетілетін қызметті алушы, егер мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүргінуге құқылы.

"Жетім баланы және (немесе)  
ата-анасының қамқорлығының  
қалған баланы асырап алуға  
байланысты біржолғы ақшалай  
төлемнің тағайындалуы,  
қайтарылуы және мөлшері"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

(көрсетілетін қызметті  
берушінің атауы)

## Өтініш

Бала асырап алуға байланысты біржолы ақшалай төлем тағайындауды сұраймын.

(баланың (балалардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), туған күні)

Тегі \_\_\_\_\_

(қызмет алушы)

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болғанда) \_\_\_\_\_

Соттың атауы \_\_\_\_\_

Соттың 20\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_ шешімі

Көрсетілетін қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжатының түрі \_\_\_\_\_  
сериясы \_\_\_\_\_ нөмірі \_\_\_\_\_ кім берген \_\_\_\_\_  
Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_  
Жеке шотының № \_\_\_\_\_  
Банктің атаяу \_\_\_\_\_

Анық емес мәліметтер мен жалған құжаттарды ұсынғаным үшін жауаптылық туралы ескертілді.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен құпия қорғалатын мәліметтерді қолдануға келісемін.

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

"Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығының қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемнің тағайындалуы, қайтарылуы және мөлшері"  
мемлекеттік қызмет  
көрсету қағидаларына  
2-қосымша

**"Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығының қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемнің тағайындалуы, қайтарылуы және мөлшері"**  
**мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атаяу	Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы білім бөлімдері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні
4	Көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығының қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау туралы шешім немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

		Порталда мемлекеттік қызметтің көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сақталады.
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметтің көрсету кезінде мемлекеттік қызметтің көрсету тәртібі және оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-га дейінгі аралықта түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-га дейін;</p> <p>2) порталда: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметтің көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің: <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында орналасқан.</p>
		<p>1) өтініш;</p> <p>2) баланы асырап алу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің электрондық көшірмесі;</p> <p>3) екінші деңгейдегі банктегі немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар үйімда бала асырап алушылардың бірінің атына жеке шоттың ашылғаны</p>

	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p>	<p>туралы шарттың электрондық көшірмесі.</p> <p>Жеке басын растайтын құжаттар, екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар үйімда бала асырап алушылардың бірінің атына жеке шоттың ашылғаны туралы шарт туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттың жүйелерден алады.</p>
--	---	---

	<p>Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) занды күшіне енген сот шешімі бойынша бала асырап арудың күшін жою;</p> <p>2) занды күшіне енген сот шешімі бойынша бала асырап аруды жарамсыз деп тану;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>4) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы"</p> <p>Қазақстан Республикасы Кодексім ен белгіленген таланттарға және осы Қағидаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының сәйкес келмеуі;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды коргау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы</p>

	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>акпаратты Бірыңгай байланыс орталығы арқылы алады: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада және пайдаланушылардың акпараттық жүйелерінде авторландырылған субъектілер үшін қолжетімді.</p> <p>Субъект мобиЛЬДІ қосымшада және пайдаланушылардың акпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өтеді, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды</p>
--	--	---

"Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау туралы шешім

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау туралы шешім

3-қосымша

### Нысан

**Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау туралы шешім**

№ \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

Азамат(ша) \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Жүгінген күні \_\_\_\_\_

Асырап алғынған баланың (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)) \_\_\_\_\_

Асырап алғынған баланың туған күні \_\_\_\_\_

Асырап алғынған баланың туу туралы куәлігі (туу туралы актінің жазбасы)

№ \_\_\_\_\_ берілген күні \_\_\_\_\_

баланың туу туралы куәлігін (туу туралы актінің жазбасын) берген органның атауы

\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " бала асырап алу туралы соттың шешімі.

Бала асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемнің тағайындалған сомасы

теңгені құрайды

(сомасы жазбаша)

себебі

бойынша біржолғы ақшалай төлем тағайындаудан бас тартылды.  
Басшы \_\_\_\_\_ (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК